

**Элективті модульдер каталогының құрылымы мен мазмұнының үлгісі**

**Мамандық атауы және шифры: 6В02304–Филология: қазақ филологиясы**

**Оқу мерзімі: 4 жыл**

**Қабылдау жылы: 2021**

Компонент (ЖК/ТК)	Пән коды	Пән атауы	Семестр	Кредит саны
<b>10.1 модуль. Тіл білімі мен әдебиеттің жаңа парадигмасы (20 академиялық кредит)</b>				
КП ТК	Ash 4301	Әдеби шығармашылық	7	5
КП ТК	UT 4302	Ұйымдар тілі	7	5
КП ТК	KATP 4303	Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза	7	5
КП ТК	KD 4304	Қ.Жұбанов-фольклор және әдебиет зерттеушісі	7	5
<b>10.2 модуль. БАҚ негіздері мен практикасы ( 20 академиялық кредит)</b>				
КП ЖК	MZh 4301	Мультимедиялық журналистика	7	5
КП ЖК	BZhASh 4302	Бизнес журналистика ақпарат жинау және жазу	7	5
КП ЖК	Izh 4303	Интернет – журналистика	7	5
КП ЖК	ZhMZhU 4304	Жаңа медиа жұмысын ұйымдастыру	7	5
<b>10.3 модуль. PR және мультимедиялық IT негіздері (20 академиялық кредит)</b>				
КП ЖК	BRKM 4301	Бизнес- риторика және қарым-қатынас мәдениеті	7	5
КП ЖК	KUPR 4302	Коммерциялық ұйымдардағы PR	7	5
КП ЖК	AMSPR 4303	Әдебиет пен мәдениет саласындағы PR	7	5
КП ЖК	PMITK 4304	PR-дағы мультимедиялық және IT-қолдау	7	5
<b>11.1 модуль. Филологияның теориялық мәселелері және оқыту әдістемесі (28 академиялық кредит)</b>				
БП ТК	КТАОА 4205	Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі	7	5
КП ЖК	AT 4306	Әдебиет теориясы	7	5
КП ЖК	ZhTB 4307	Жалпы тіл білімі	7	5
БП		Өндірістік практика	8	15
БП		Дипломалды практика	8	5
<b>11.2 модуль. Филологияның өзекті мәселелері және оқыту әдістемесі (28 академиялық кредит)</b>				
БП ТК	КТАОУТ 4205	Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары	7	3
КП ЖК	AT 4306	Әдебиет теориясы	7	5
КП ЖК	ZhTB 4307	Жалпы тіл білімі	7	5
БП		Өндірістік практика	8	15
БП		Дипломалды практика	8	5
<b>Қорытынды мемлекеттік аттестаттау</b>				
		Қорытынды аттестаттау	8	12

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Әдеби шығармашылық**

**Бағдарлама авторы: Мұқан А.Ж., аға оқытушы, магистр.**

**Курсты оқытудың мақсаты:** (оқу бағдарламасына сәйкес) Көркем шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктері, жазылу процесіндегі әр қилы күрделі сипаттары жөнінде жан-жақты мағлұмат беруді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Әдеби шығармашылықтың сан алуан ерекшеліктері, көркем туындыны жазу процесіндегі әр қилы күрделі сипаттары жөнінде жан-жақты мағлұмат беріледі. Пән студенттердің танымдық, шығармашылық әлеуетін жан-жақты өсіруге, дамытуға негізделіп, шығармашылық жұмыстың сан қырлы мәселелерімен таныстыру негізінде творчестволық процестің заңдылықтарын білу, қабілет деңгейіне қарай оның технологиясы мен әдістемесі меңгертіледі, көркем әдебиет шығармаларына сыни көзқарас қалыптастырылады.

**Пререквизиттер:** Қазіргі қазақ әдебиеті, Шешендік өнер.

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері.

**Оқытылудан күтілетін нәтижелер:** А) шығармашылық жұмыстың сан қырлы мәселелерімен таныстыру негізінде творчестволық процестің заңдылықтарын білу; Б) қабілет деңгейіне қарай оның технологиясы мен әдістемесі меңгертіледі; В) студенттер алған білімдерін көркем әдебиеттерді талдауда қолдана білу; Г) жазушылар творчествосын, әдеби бағытты, көркем әдісті, стильді тани білу; Д) Әдеби процестің нақты кезеңдерін, драмалық шығармалардың көркемдік идеялық ерекшеліктерін, композициялық құрылымы жағынан талдап, кейіпкерлерге мінездеме бере білуі, монолог, диалогтардың берілу жолдарын саралап, талдаған кезде қолдана білулері; Е) Шығармашылық жұмыстың сан қырлы мәселелерімен таныстыру негізінде творчестволық процестің заңдылықтарын білу.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Ұйымдар тілі**

**Бағдарлама авторы: Мұратбек Б.Қ., ф.ғ.к, доцент**

**Курсты оқытудың мақсаты:** Жалпы тілдік жүйеде ұйымдар тілінің алатын орны мен ерекшеліктері, ұйымдар қолданылатын тілдердің жалпы тілдер жүйесіндегі қолданылу барысы мен олардың ұйымдар жұмысындағы қолданыс ерекшеліктерін студенттерге меңгертуді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курсты оқыту барысында студенттерге ұйымдар тілінің жалпы тілдік жүйедегі орны мен қолданыс ерекшеліктері туралы білім беріледі. Ұйымдар тілі туралы ұғым, олар туралы зерттеуші ғалымдардың тұжырымдары игертіледі. Ұйымдар тілінің қолданыс ерекшеліктері мен тиімділіктерін т.б. ажырата алу, ұйымдар тілі мен олардың тілдік жүйедегі қолданысы туралы зерттеген ғалымдар пікірлеріне тұжырым жасай алу, теориялық білімдерін қызмет барысында тәжірибеде қолдана алу дағдыларын қалыптастыру көзделеді.

**Пререквизиттер:** Нормативті қазақ тілі, Ауызекі дискурстың зерделенуі мен тәжірибесі

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытылудан күтілетін нәтижелер:** А) Ұйымдар тілінің жалпы тілдік жүйедегі орны мен қолданыс ерекшеліктерін меңгереді. Б) Ұйымдар тілі туралы ұғым, олар туралы зерттеуші ғалымдардың тұжырымдарын игереді. В) Ұйымдар тілінің қолданыс ерекшеліктері мен тиімділіктерін т.б. ажырата алады. С) Ұйымдар тілі мен олардың тілдік жүйедегі қолданысы туралы зерттеген ғалымдар пікірлеріне тұжырым жасай алады. Д) Пәннен оқыған теориялық білімдерін сабақ беру барысында тәжірибеде қолдана алады.

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)**

**Пәннің атауы: Қазақ әдебиетіндегі тарихи проза**

**Бағдарлама авторы: Султанғалиева О.К., Phd, аға оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** әдебиет пен тарихтың байланысын түсіндіре отырып, әдебиеттің қоғам тарихының көркемдік бейнесі екенін ұғындыра отырып, тарихи шығармалардың әдебиет тарихында алатын орнын көрсету мен тарихи шығармалардағы тарихи шындық пен көркемдік шындықтың ара қатынасын түсіндіруді және тарихи роман генезисін, оның жанрларын, танымдық мазмұнын, көркем-суреттеу құралдары мен сюжеттік- композициялық ерекшеліктері туралы білім беруді мақсат етіп қойдық.

**Пәннің қысқа мазмұны:** әдеби жұмыс пен шығармашылық психологияның негізгі кезеңдері туралы түсінік беру; тарихи шығармалардың қоғамдық маңызына және идеялық көркемдік мазмұнына этикалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарауға үйрету; тарихи проза дәстүрі

туралы мағлұмат беру; тарихи роман шығармашылығының негізгі кезеңдері туралы мағлұмат беру.

**Пререквизиттері:** ХХғ.б. қазақ әдебиетінің тарихы, Әдебиет теориясы

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру (магистратура) пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) әдебиеттегі ағымдардың, бағыттардың, әдістердің зерттелу принциптері мен танымдық мазмұны туралы білу; В) көркем-суреттеу құралдары мен сюжеттік-композициялық ерекшеліктерін; С) әдебиет тарихының негізгі кезеңдерін үйрену; D) көркем шығармалар мен әдеби процесс құбылыстарына эстетикалық және ғылыми-әдістемелік тұрғыдан қарауды үйрену; E) әдеби жұмыс пен шығармашылық психологияның негізгі кезеңдері туралы білімдерін кеңейту.

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)**

**Пәннің атауы: Қ.Жұбанов-фольклор және әдебиет зерттеушісі**

**Бағдарлама авторы: Ұлықпанова Ә.Ж., магистр, аға оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** Құдайберген Жұбановтың ғылыми мұрасын зерттеп, оның қазақ тілі мен әдебиетінің дамуына қосқан үлесін түсіну, сондай-ақ оның әдебиет пен фольклорға қатысты идеяларын қазіргі заманғы контексте бағалау. Студенттерге Жұбановтың шығармашылық жетістіктері мен ғылыми еңбектерін талдау арқылы олардың қазақ филологиясына қосқан маңызды үлесін таныту және оның зерттеу әдістерімен таныстыруды мақсат етіп алдық.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Ғалымның рухани қазынасының мен ғибратты ғұмыр жолы, Қ.Жұбанов мұрасының ғылыми сипаты мен әлеуметтік маңызына салыстырмалы талдау жүргізіледі. Қ.Жұбановтың озық ойлы көзқарасын танытатын зерттеулері «Абай – қазақ әдебиетінің классигі», «Қазақ музыкасындағы күй жанрының пайда болуы», «Мұра-хаттар. Түркі әдебиеттер тілінің танымы» т.б. ғылыми зерттеулеріндегі фольклортану, әдебиеттану, түркітану мәселелеріне қатысты ғылыми тұжырымдары толыққанды түрде талданады.

**Пререквизиттер:** Ежелгі дәуір әдебиеті, 15-18 ғасырлардағы қазақ әдебиетінің тарихы

**Постреквизиттері:** жалпы білім беретін орта мектептегі қазақ әдебиеті пәні, оқу аяқталғаннан кейінгі білім, білік және құзыреттілік талап ететін пәндер.

**Оқытылудан күтілетін нәтижелер:** А) қоғамды кітап-журнал өнімдерімен қамтамасыз ету басылымды полиграфиялық, техникалық және көркемдік жағынан безендіруді жетілдіру В) баспалардың техникалық базасын тиімді қолдану: беттеу әдістерін, иллюстрацияларды құру және өңдеу, тақырыптарды көркемдеуді орындау С) қоғамның және жеке тұлғаның, сонымен қатар мемлекеттің қажеттілігін редакциялық-баспалық және полиграфиялық кешендер арқылы ақпараттармен қамтамасыз ету D) филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің

кәсіби қызметінде еркін қолданады Е) Ақпарат агенттіктері өз материалдарын бір уақытта барлық БАҚ-қа бірдей етіп әзірлейді

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)**

**Пәннің атауы: Мультимедиялық журналистика**

**Бағдарлама авторы: Нұрмағамбетова Г.Б., оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атауы) еліміздің тәуелсіздік алуына байланысты соңғы он жылда қазақ журналистикасының өткен тарихының «ақтаңдақ» тұстары қайта қаралып, кезінде ұлтшыл, байшыл, алашордашыл деген нақақ жаламен жабылып қалған «Қазақ», «Алаш», «Сарыарқа», «Бірлік туы», «Жас азамат», «Абай» сияқты газет – журналдар мен онда қызмет істеген, әр жылдары жарияланымдары жарық көрген А.Байтұрсынұлы, М.Дулатұлы, Ә.Бөкейханұлы, М.Шоқай, Х.Досмұхамедұлы, Х.Ғаббасұлы, Ә.Ермекұлы, С.Қожанұлы, Қ.Кемеңгерұлы сынды қазақ халқының біртуар зиялыларының қыруар мұралары мен оқыту процесіне қарай ғылыми айналымға түсіп, өткен қоғамдық ойымыздың тарихын саралауға мүмкіндік туды. Осы орайда Ұлттық баспасөз мәдениетін қалыптастыруға қосқан үлесі хақында тарихи құжаттарды сөйлету, олардың шығармашылығындағы пішін мен түр, сюжеттік оқиға желісі мен жанрлық белгілері, көркемдік идеялық мәні мен ақпараттық ерекшелігі жағынан мағлұмат беру бұл пәннің мақсаты болмақ.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Бұл курста БАҚ-тың барлық түрлерінің теориялық негіздерін, олардың жұмыс істеу ерекшеліктерін, сондай-ақ бұқаралық ақпарат құралдарының әр түрлі конвергенция процесін зерделей білуге үйрету болып табылады. Курстың міндеті - журналисттің мультимедиа жұмысының ерекшелігін таныту. Курста студенттердің өзіндік жұмысына арнайы көңіл бөлінеді, мультимедиялық материалдарды жаза білуге үйретеді. Оны практикада қолданудың әдісін меңгертеді.

**Пререквизиттері:** Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Студент қазақ журналистикасының өзекті мәселелерін білуі, алған білімдерін практикада қолдана білу, В) журналистиканың негізгі әдістерін меңгеру керек, теориялық талдау жасай алу, қазақ журналистикасының тарихының даму және қалыптасу сатылары, бағыттары және концепция мәселелерін түсіну, өзіндік пікір айта алу, негізделген және қалыптасқан теориялық білімдерін жинақтай білу. С) Журналистика ғылымының қалыптасу және даму тарихы, журналистиканы қалыптастырушылар және олардың негізгі еңбектері мен зерттеу салалары, журналистика ғылымына қатысты еңбектерді ғылыми саралау, D) ғылыми талдау жасау, теориялық болжамдар жасай білу және ғылыми сараптамалар жасауға дағдылану, E) өзіндік ой қорытындыларын түйіндей білу дағдылары жөнінде терең теориялық білім алады.

**Дублин дескрипторлары: (А, В, С, D, E)**

**Пәннің атауы: Бизнес журналистика ақпарат жинау және жазу**

**Бағдарлама авторы: Нұрмағамбетова Г.Б., оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** (оқу бағдарламасына сәйкес) студенттерді бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының ерекшеліктермен таныстыру және практикалық мерзімді басылымдарда жұмыс істеуді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** студенттерді бұқаралық ақпарат құралдары жұмысының ерекшеліктерімен таныстыру және практикалық мерзімді басылымдарда жұмыс істеу, ұйымдастыру және шығару үшін қажетті дағдыларды игерту. Міндеті: ақпаратты жинаудың журналистік әдістерін практикалық тұрғыда жасап көру; журналистік жанрларды игеру; газет дайындау және өндіріс техникасымен таныстыру; дербес

шығармашылық және оқыту дағдыларын дамыту; баспа басылымын өндіру технологиясын меңгеру.

**Пререквизиттер:** Журналистикаға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын пәндер

**Оқытылудан күтілетін нәтижелер:** А) қоғамды кітап-журнал өнімдерімен қамтамасыз ету басылымды полиграфиялық, техникалық және көркемдік жағынан безендіруді жетілдіру; В) баспалардың техникалық базасын тиімді қолдану: беттеу әдістерін, иллюстрацияларды құру және өңдеу, тақырыптарды көркемдеуді орындау; С) қоғамның және жеке тұлғаның, сонымен қатар мемлекеттің қажеттілігін редакциялық-баспалық және полиграфиялық кешендер арқылы ақпараттармен қамтамасыз ету; D) филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады; E) Ақпарат агенттіктері өз материалдарын бір уақытта барлық БАҚ-қа бірдей етіп әзірлейді.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Интернет журналистика**

**Бағдарлама авторы: Нұрмағанбетова Г.Б., оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** желілік журналистиканың ерекшелік сипаттарымен, Интернеттің пайда болу және дамуымен, желіні пайдаланып жұмыс істеу әдістерімен, веб-парақшаларын әзірлеудің шығармашылық процесімен, сайттарды басқару жүйесімен таныстыру, желілік журналистиканың 80 жанрлары мен пішіндерін меңгеруі, веб-журналистің еңбек қарымқатынастарын реттейтін кәсіби-этикалық ережелер және қағидалармен, Интернет журналистиканың қазіргі теориялық мәселелерімен таныстыру. Тәжірибелік сабақтарда интернет-БАҚ-тың ерекшелігін, ақпаратты беру тәсілдерін, желілік жүйелерді табысты жүргізудің принциптерін; web-дизайн и web-коммуникация негіздерімен таныстыруды мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Аталған пән журналистика саласындағы ақпараттық технологиялардың тиімділігі, қалыптасуы және даму сатылары; ақпараттық – телекоммуникациялық, электрондық техникамен жұмыс істеу, модельдеу, интерактивті құралдарды қолдану, интернетте жұмыс істеу, әлеуметтік желілердің жұмыстарын жүргізуді меңгертуге негізделеді. Ақпараттық байланыс құралдарын пайдалану арқылы кәсіптік шеберлігін, дағдыларын жетілдіреді. Студенттер телевидение, радио, интернет, спутниктік байланыс, соңғы ақпараттық технологиялар туралы жалпы түсінік қалыптастырады.

**Пререквизиттері:** Стилистика және тіл мәдениеті, Қоғаммен байланысқа кіріспе

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын пәндер

**Оқытылудан күтілетін нәтижелер:** А) мамандардың әр түрлі сипаттағы Интернет сайттар үшін веб материалдарды даярлайтын, өңдейтін және тарата алатын біліктілігі қалыптасады; В) БАҚ жүйесіндегі Интернеттің өзіндік ерекшелігін аңғарады; С) Интернет және оның ақпараттық ресурстарының құрылымын; виртуальды құрылымдар, мультимедиа технологияның архитектурасын меңгереді; D) Интернет-журналистиканың жанрлары мен пішіндерін ажыратады; E) Интернет қызметін реттеудің қазіргі заманғы құқықтық жүйесін; желілік жарияланымдардың психологиясын айқындауға көмектеседі.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Жаңа медиа жұмысын ұйымдастыру**

**Бағдарлама авторы: Нұрмағанбетова Г.Б., оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** (оқу бағдарламасына сәйкес) әлемдік бұқаралық ақпарат құралдарының ауқымды мәселелерімен, бағыт бағдарымен, жетістіктерімен таныстыра отырып, баспасөз бен заңның байланысына ерекше көңіл аударуды мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытудың негізгі мақсаты жаңа технологияны пайдалана отырып, баспасөз мәтінін, аудио, бейне, интернет және басқа да материалдарды даярлап, редакциялау, түрлі типтегі БАҚ-та орныққан норма, стандарт, формат, стиль, технологиялық талаптарды орындау; ақпаратты өңдеуде заманауи компьютерлік бағдарламаларды, мобильді құралдарды және іздеу жүйелерін пайдалана отырып, техникалық және электронды есептегіш құралдарды меңгерту; БАҚ-тың түрлі құрылымдарында, шығармашылық ұжымдарда жұмысты ұйымдастыра білу сияқты дағдыларды қалыптастыру болып табылады.

**Пререквизиттер:** Журналистикаға кіріспе, Қазақ халық ауыз әдебиеті

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын пәндер

**Оқытылудан күтілетін нәтижелер:** А) қоғамды кітап-журнал өнімдерімен қамтамасыз ету басылымды полиграфиялық, техникалық және көркемдік жағынан безендіруді жетілдіру; В) баспалардың техникалық базасын тиімді қолдану: беттеу әдістерін, иллюстрацияларды құру және өңдеу, тақырыптарды көркемдеуді орындау; С) қоғамның және жеке тұлғаның, сонымен қатар мемлекеттің қажеттілігін редакциялық-баспалық және полиграфиялық кешендер арқылы ақпараттармен қамтамасыз ету; D) филологиядағы озық ғылыми нәтижелерді игеріп, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды өзінің кәсіби қызметінде еркін қолданады; E) Ақпарат агенттіктері өз материалдарын бір уақытта барлық БАҚ-қа бірдей етіп әзірлейді.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Бизнес-риторика және қарым-қатынас мәдениеті**

**Бағдарлама авторы: Мұратбек Б.Қ., ф.ғ.к., доцент**

**Курсты оқытудың мақсаты:** *(оқу бағдарламасына сәйкес)* Бизнес – коммуникацияларда теориялық білім мен қажетті практикалық дағдыларды игеру, соның ішінде жеке коммуникативтік мәдениет және өнімді қызметке қол жеткізу үшін ұжыммен қарым-қатынас жасау, қолайлы адамгершілік атмосферасын құру, серіктестермен келіссөздер жүргізуді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Курсты оқыту барысында көзделетін мақсат Бизнес риториканың қалыптасу тарихы, бизнес-риторикадағы белгілі есімдердің өмір жолы, аталған саланың теориясы, концепциялары, танымал ғалымдар мен шешендердің шеберлігі туралы түсінік беру. Сондай-ақ, көпшілік алдында сөйлеудің талаптары мен ережелері; аудиторияның түрлері; әр түрлі жанрдағы пікірлерді ұйымдастыру, құру; іскерлік қарым-қатынастың әр түрлі жағдайларында сөйлеушінің сөйлеу мінез-құлқына қатысты этикеттік талаптарды меңгерту болып табылады.

**Пререквизиттері:** Қазақ халық ауыз әдебиеті, Мультимедиялық журналистика

**Постреквизиттер:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ауызша іскерлік және жазбаша бизнес - коммуникациялар стратегиясын игереді; В) Дау, пікірталас, полемикадағы іскерлік риторика дағдыларын үйренуеді; С) Баспасөз саласындағы терминдерді меңгереді; D) Байланысты басқарудың негізгі аспектілерін меңгереді; E) Студенттің білімі тереңдей түседі.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Коммерциялық ұйымдардағы PR**

**Бағдарлама авторы: Нұрмағанбетова Г.Б., оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** Коммерциялық ұйымдардағы PR курсының Қоғаммен байланыс саласы – барлық салалармен тығыз байланысты. Әрбір салада қалыптасқан мінез-құлық қағидаларымен кәсіби біліктілік деңгейі бар. Осындай қағидалар мен шарттардың жиынтығын әдеп немесе этика деген жалпылама атаумен атаймыз. Этика

кәсіби моральдың құрылымын зерттейтін ғылым, моральдық нормаларды ұстану – ең бір қажетті қасиет. Қай салада қызмет етпесін адам ең алдымен адамгершілік қағидаттарын берік ұстанып, еліне қызмет ете білуі керек. БАҚ арқылы қоғамның көзқарасы, оқиғаны түсінуі үнемі өзгеріп отырады. Қойылатын моральдық талаптың қиындығы жоқ, тек талапты дұрыс пайдалана білу қажет. PR маманы өзінің жұмысын алға бастыру үшін көзбояушылыққа, екіжүзділікке, сатқындыққа жол бермеуі тиіс екенін үйретуді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** болашақ мамандардың белгілі бір ұйымның халық арасындағы имиджін қалыптастырудың жолдарын; мекеме мен жұртшылық арасындағы корпоративтік байланысты жолға қоюдың талаптарын; қоғамдық пікірге әсер ететін көшбасшылар, саясаткер, бизнес өкілдерімен қарым-қатынас орнатудың тәсілдерін; БАҚ пен жұмысты ұйымдастыру, баспасөз конференцияларын өткізу, көпшілік алдына сөйлеу, пресс-релиз, мақалалар жазудың талаптарын үйрету болып табылады.

**Пререквизиттері:** Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

**Постреквизиттер:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ауызша іскерлік және жазбаша бизнес-коммуникациялар стратегиясын игереді; В) Дау, пікірталас, полемикадағы іскерлік риторика дағдыларын үйренуеді; С) Баспасөз саласындағы терминдерді меңгереді; D) Байланысты басқарудың негізгі аспектілерін меңгереді; E) Студенттің білімі тереңдей түседі.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Әдебиет пен мәдениет саласындағы PR**

**Бағдарлама авторы: Өтеулиев Б.Б., аға оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** *(оқу бағдарламасына сәйкес).* Әдебиет пен мәдениет саласындағы PR – мерзімді баспасөз жанрлары мен пішіндерін пайдалана отырып, әдебиет пен мәдениет саласындағы мағлұматтарын игертуде, мерзімді басылымдардың жұмыс істеу тәжірибесімен таныстыруда, газет жанрларының басқа жанрлармен байланысын орнықтыруда, ақпарат жазу тәжірибесін меңгертуде болашақ журналистердің құзіреттіліктерін қалыптастыруды мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді меңгеру нәтижесінде студент мәдениет саласындағы қоғаммен байланыстың мәні, пәні, PR функциялары және ерекшеліктері туралы білім игереді; мәдениет және өнер саласындағы PR функционалдық бағыттары жайлы ұғынады; жұртшылықпен байланыс қызметтерін ұйымдастырудың негізгі модельдерін игереді; PR-дің технологиялық негіздері: PR-мәтіндерді құрастыру және БАҚ-пен жұмыс істеуге дағдыланады; мәдениет және өнер мекемелерінің имидждік жұмысын ұйымдастыруды үйренеді.

**Пререквизиттері:** Тележурналистика, Паблик рилейшнз теориясы мен практикасы

**Постреквизиттер:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ауызша іскерлік және жазбаша бизнес-коммуникациялар стратегиясын игереді; В) Дау, пікірталас, полемикадағы іскерлік риторика дағдыларын үйренуеді; С) Баспасөз саласындағы терминдерді меңгереді; D) Байланысты басқарудың негізгі аспектілерін меңгереді; E) Студенттің білімі тереңдей түседі.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: PR-дағы мультимедиялық және IT қолдану**

**Бағдарлама авторы: Нұрмағанбетова Г.Б., оқытушы**

**Курсты оқытудың мақсаты:** *(оқу бағдарламасына сәйкес)* PR-дағы мультимедиялық және IT-қолдану курсының мерзімді баспасөз жанрлары мен пішіндерін пайдалана

отырып, белгілі бір мағлұматтарын игертуде, интернет сайттарында түрлі жанрда материал әзірлеуді үйретуде, мерзімді басылымдардың жұмыс істеу тәжірибесімен таныстыруда, газет жанрларының басқа жанрлармен байланысын орнықтыруда, ақпарат жазу тәжірибесін меңгертуде болашақ журналистердің құзіреттіліктерін қалыптастыруды мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Пәнді оқытудың мақсаты студенттер бойында заманауи PR саласындағы білім мен практикалық қабілеттердің жүйелік кешенін дамыту болып табылады. Пәннің міндеттері: PR-ды қолданудың функциялары мен IT-қолдау міндеттері, бағыттары туралы түсінік қалыптастыру; PR-маманының жұмысының негізгі бағыттары туралы түсінік беру; мамандықтың біліктілік сипаттамасымен таныстыру; PR-маманының кәсіби және этикалық талаптарын ашып көрсету; мемлекеттік құрылымдарда, қоғамдық-саяси ұйымдарда және коммерциялық секторда қоғаммен байланыс бөлімшелерінің жұмыс ерекшеліктерін көрсету.

**Пререквизиттері:** Интернет журналистика, Жаңа медиа жұмысын ұйымдастыру

**Постреквизиттер:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Ауызша іскерлік және жазбаша бизнес-коммуникациялар стратегиясын игереді; B) Дау, пікірталас, полемикадағы іскерлік риторика дағдыларын үйренуеді; C) Баспасөз саласындағы терминдерді меңгереді; D) Байланысты басқарудың негізгі аспектілерін меңгереді; E) Студенттің білімі тереңдей түседі.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі**

**Бағдарлама авторы: Кушкимбаева А.С., PhD, доцент**

**Курсты оқытудың мақсаты:** пәннің типтік бағдарламасына сай қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің теориялық негіздерін меңгерту мен практикалық дағдыларын қалыптастыру.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атауы) Студенттерді қазақ тілі мен әдебиетті оқыту әдістемесінің даму тарихымен, оған үлес қосқан ғалымдардың бүгінгі таңдағы қазақ әдебиетін оқытудың әдістемелік проблемаларымен таныстыру. ҚР бойынша қазақ тілі мен әдебиеті тиімді оқытып жүрген жаңашыл мұғалімдер еңбегін оқу, зерттеу.

**Пререквизиттері:** Жасанды интеллект және цифрландыру, Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын пәндер

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** A) қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесінің терминдерін меңгерту; B) оқу пәні ретіндегі қазақ тілінің және әдебиетінің мазмұны мен құрылымын игерту; C) оқу-әдістемелік кешен түсінігін қалыптастыру; D) қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың қазіргі технологиясы, әдіс-тәсілдер, сабақ типтері, қазақ тілі курсының бөлімдерін оқыту әдістері бойынша білім беру; E) қазақ тілі мен әдебиеті пәні бойынша игерген білімдерін бақылау және бағалау негіздерін игерту, дағдыларын қалыптастыру.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Әдебиет теориясы**

**Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С., ф.ғ.к., доцент**

**Курсты оқытудың мақсаты:** (оқу бағдарламасына сәйкес) Әдебиет теориясын дамытуға үлес қосқан әдебиеттанушы ғалым-зерттеушілердің, ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен, ресми құжаттарымен таныса отырып, көркем әдебиет шығармаларына сыни көзқарас қалыптастыру; көркем шығармаларды, әдебиет теориясын

оқыту үрдісінде студенттерді бұрын-соңды айтылған пікірлерге объективті көзқараспен қарауды үйретуді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** «Әдебиет теориясы» көркем әдебиеттің болмысы мен бітімін, әдеби шығарманың сыры мен сипатын, әдеби дамудың мағынасы мен мәнін байыптайды. Әдебиеттің өзіне тән ерекшелігін, оның қоғамдық қызметін, көркем шығарманы талдаудың принциптері мен методикасын, әдеби жанрлар мен оның түрлерін, өлең жүйелерін, тіл мен стиль, әдеби ағым мен көркемдік әдіс мәселелерін ұғынады.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазіргі қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы; В) өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні; D) композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; E) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Жалпы тіл білімі**

**Бағдарлама авторы: Тектіғұл Ж.О., ф.ғ.д., профессор**

**Курсты оқытудың мақсаты:** *(оқу бағдарламасына сәйкес)* Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейін өтіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** Тіл ғылымындағы сабақтастық, оның дамуы жөніндегі қисыны, бірегейлігі мен көп аспектілігі туралы мәліметтермен танысып, жалпы тілдік функциялары мен тіл табиғатын, олардың қоғам өміріндегі рөлі мен мәселелерін, тілдерді зерттеу әдістерінің бүгінгі бағыттарын ажырата біледі, әлемдік тіл біліміндегі жетекші ғалымдардың еңбегімен танысады, жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды жобалауға, дайындауға үйренеді.

**Пререквизиттері:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы, Тілдік қатынас негіздері

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру(магистратура)пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Жалпы тіл білімін оқытуда коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, этномәдениеттанымдық құзыреттілігін қалыптастырады; В) Жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды; С) тіл білімінің теориялық мәселелері, лингвистикалық ілімдер мектебі мен тарихын, тілдің қоғамдық, таңбалық сипатын, олардың өзіндік айырмашылықтарын ажырата біледі; D) Жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін, әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін; E) этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біледі.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологиялары**

**Бағдарлама авторы: Кушкимбаева А.С., PhD, доцент**

**Курсты оқытудың мақсаты:** *(оқу бағдарламасына сәйкес)* «Қазақ әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар» курсы студенттерге оқытудағы мақсат – болашақ мұғалімдерді қазіргі таңда Қазақстанның білім беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа технологияларды меңгеруге, оқытудың әдіс-тәсілдерін келешек кәсіптерінде қолдана білуге үйрету болып табылады. Болашақ студенттерді қазіргі таңда Қазақстанның білім

беру жүйесінде қолданылып жүрген жаңа технологияларды меңгеруге, оқытудың әдіс – тәсілдерін келешек кәсіптерінде қолдана білуге үйрету болып табылады.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары) Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту пәнінің мақсат - міндеттері, оқытудағы жаңа технологиялар мен тіл мен әдебиет салаларын оқытудағы ерекшеліктері, жаңа технологиялармен оқытудың тиімділігі сөз етіледі.

**Пререквизиттері:** Қазақ тілі мен әдебиетін оқыту әдістемесі, Әдеби шығармашылық

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқудан күтілетін нәтижелер:** А) Қазақ тілі мен әдебиеті оқытудың жаңа технологияларын оқу арқылы болашақ мамандар пәнді оқытудың дидактикалық-технологиялық негіздерін меңгереді. В) Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудағы жаңа технологиялар, олардың ерекшеліктері мен тиімділіктері, әдіскер ғалымдардың тұжырымдарын игереді. С) Қазақ тілі мен әдебиетін оқытудың жаңа технологияларының ерекшеліктері мен тиімділіктерін т.б. ажырата алады. D) Қазақ тілін оқытуың жаңа технологиялары бойынша жаңа технологияның бойынша сабаққа талдау жасай алады. E) Пәннен оқыған теориялық білімдерін сабақ беру барысында тәжірибеде қолдана алады.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Әдебиет теориясы**

**Бағдарлама авторы: Сұлтанғалиева Ж.С., ф.ғ.к., доцент**

**Курсты оқытудың мақсаты** (оқу бағдарламасына сәйкес) Әдебиет теориясын дамытуға үлес қосқан әдебиеттанушы ғалым-зерттеушілердің, ақын-жазушылардың, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен, ресми құжаттарымен таныса отырып, көркем әдебиет шығармаларына сыни көзқарас қалыптастыру; көркем шығармаларды, әдебиет теориясын оқыту үрдісінде студенттерді бұрын-соңды айтылған пікірлерге объективті көзқараспен қарауды үйретуді мақсат етеді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** (негізгі бөлімдері мен тақырыптар атаулары) Әдебиет теориясы даму тарихымен, кезеңдерімен таныстыру; қазақ әдебиеті сынын дамытуға үлес қосқан әдебиет, қоғам қайраткерлерінің пікірлерімен таныстыру; көркем әдебиет туындыларын оқуда сыни көзқарас қалыптастыруға үйрету.

**Пререквизиттері:** Әдебиеттануға кіріспе, Қазіргі қазақ әдебиеті

**Постреквизиттері:** Мамандық бойынша магистратурада оқытылатын әдебиет пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Әдебиет туралы ғылымның тарихы жайлы; В) өнердің қоғамдық функциясы, өнер түрлерінің ерекшеліктері туралы ұғым қалыптастыру; С) өнердің халықтығы, мазмұны мен пішіні; D) композициясы мен сюжеті, тип, типтендіру; E) көркем шығарма тілі, образдылық-бейнелілік сырлары, өлең құрылысын ашып көрсету.

**Дублин дескрипторлары: (A, B, C, D, E)**

**Пәннің атауы: Жалпы тіл білімі**

**Бағдарлама авторы: Тектігүл Ж.О., ф.ғ.д., профессор**

**Курсты оқытудың мақсаты:** (оқу бағдарламасына сәйкес) Жалпы тіл білімі филология факультетінде жүргізілетін тілдік пәндердің бәрінен кейін өтіледі. Курстың мақсаты – біріншіден, студенттердің өз мамандықтары бойынша алған білімдерін жинақтап, қорытындылау сипатында болса, екіншіден, олардың тіл білімінен алған теориялық білімдерін тереңдете түсуді көздейді.

**Пәннің қысқаша мазмұны:** (негізгі бөлімдері немесе тақырыптар атаулары) Жалпы тіл білімі – тіл білімінің жалпы теориясы. Бұл пәннің алдына қойған міндеті – тыңдаушыларды тіл біліміндегі негізгі теориялармен қаруландыру, оларға тіл туралы ғылымның өткен тарихынан, қазіргі күйінен, алда тұрған міндеттерінен мәлімет беру, тіл

білімінің даму тарихында қолданылған, қазір қолданылып жүрген және соңғы жылдары қалыптаса бастаған арнаулы әдістер мен әдістемелердің сырларын ашу, тіл білімінің басқа қоғамдық, жаратылыстану және техникалық ғылымдар ішінде алатын орнын, олармен байланысын анықтау

**Пререквизиттері:** Қазіргі қазақ тілінің лексикологиясы мен лексикографиясы, Тілдік қатынас негіздері

**Постреквизиттері:** ЖОО-дан кейінгі білім беру(магистратура)пәндері

**Оқытудан күтілетін нәтижелер:** А) Жалпы тіл білімін оқытуда коммуникативтік, тілдік, ақпараттық, этномәдениеттанымдық құзыреттілігін қалыптастырады; В) Жалпы және жеке тіл біліміне тән ортақ заңдылықтарды; С) тіл білімінің теориялық мәселелері, лингвистикалық ілімдер мектебі мен тарихын, тілдің қоғамдық, таңбалық сипатын, олардың өзіндік айырмашылықтарын ажырата біледі; D) Жалпы адамзаттық мәдениет жетістіктері негізіндегі іс-әрекет тәжірибесін, әлеуметтік өмірдің мәдениет негіздерін; E) этномәдениеттік құбылыстарды игеруге мүмкіндік беретін ұлттық ерекшеліктерін тани біледі.